

## Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейінің 2021 жылы атқарған іс-шаралар ЕСЕБІ

2021 жылы жалпы музейге келушілер саны – 50 451 адам. Жалпы жүргізілген экскурсия саны - **2314**.

Биылғы жыл еліміздің ең басты ұлттық мерекесі **Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын** мерекелеу жылы ретінде өтуде. Сонымен қатар Ақылбай Абайұлы 160 жыл, Көкбай Жанатайұлы 160 жыл, Әріп Тәңірбергенұлы 165 жылдығы, Ш.Әбенұлының - 120 жылдығы, ақын Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығы, Ахмет Жұбановтың 115 жылдығына арналған республика, өңірлік, қалалық, аудандық мәдениет мекемелері, ЖОО, колледж студенттеріне, мектеп оқушыларына онлайн, видео экскурсиялар, офлайн экскурсиялар жүргізілді. Видео экскурсиялар мен онлайн экскурсиялар музейдің әлеуметтік желілері мен youtube каналдарында, zoom платформасында жүргізілді.

Жалпы көрме саны – **66**. «Қазақтың қайсар Қайымы» көрмесі, «Шарықтап, шалқып жүріп салған әндер, Мұра боп естіледі ұрпағымнан» Әсет әндерін орындаушылар көрмесі, Ш.Әбенұлының 120 жылдық мерейтойына орай «**Шыңғыстаудың шежірелі абызы**» көрмесі, «**Сүйер ұлың болса, сен сүй**» көрмесі ұйымдастырылды. Сондай-ақ бірқатар суретшілердің жеке көрмелері өткізілді. Т.Жұбанышевтың «**Терме**» көрмесі, Маржан Баянқызының бейнелеу өнері туындыларының «**Жусан иісі**» атты, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, суретші С.Адылхановтың ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «**Табиғат және мен**» атты көрмелерін атап айтуға болады. 2021 жылғы жоспарға сәйкес музейден тыс көрмелер жоспарланып, Egov мемлекеттік порталына қойылған болатын. Талдықорған қаласындағы М.Тынышбаев атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейінде «**Алаш мұраты және Тәуеліздік құндылығы**», ҚР Ұлттық музейінде «**Шыңғыстаудың бір шыңы**» көрмесі, Қарағанды, Петропавл, Аягөз қалаларына жылжымалы көрмемен барып қайтты.

Наурыз айында «**Қазақстанның ұлттық дәстүрлері мен мәдениеті**» ұранынымен әр түрлі форматтағы    8    шара: «Көрісу күні», «Зере әженің ертегілері. Ертегілер әлеміне саяхат», Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті студенттерінің «**Көктем келді көл-көсір шуақ қуып..**» көрмесі ашылды, «**Ұлттық киімдегі ұжым эстафетасы**», «**Жидебай қорығы**», «**Абай музей-үйіндегі наурыз**», «**Музей ардагері ардақталды**», «**Ұлыстың ұлы күні Наурыз**» мерекесіне арналған кітап көрмесі өткізілді.

Елдегі эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, іс-шаралардың көпшілігі онлайн форматта ұйымдастырылды және ашық түрде музейдің әлеуметтік желісінде жарияланды.

Еліміздің тарихи-мәдени мұрасын сақтау мен насихаттаудағы маңызды қадам «**Рухани Жаңғыру**» және «**Ұлы даланың жеті қыры**» бағдарламаларын іске асыру болып табылады. **37** дөңгелек үстел, **9** сайыс, байқаулар, **8** мәдени-танымдық шара, **19** дәріс ұйымдастырылды.

Бұл бағытта мынадай ақпараттық жұмыс жүргізілуде: Абай музейінің истаграм, фейсбук аккаунттары мен youtube каналында 12 айда өткен шаралар мен онлайн шаралар, видеолар орналастырылған.

Республикалық «Егемен Қазақстан», «Jas Qazaq», «Ана тілі», өңірлік «Семей таңы», «Вести семей», жергілікті «Ертіс өңірі» газеттерінде өткізілген іс-шаралар туралы мақалалар жарияланып, «Semeu», «Хабар», «24 kz», «Qazaqstan», «ТВК-6», т.б. телеарналарға, «Әдебиет», «Kazmuseum» т.б. интернет сайттар мен порталдарға сұхбаттар берілді. Сондай-ақ ҚР Мәдениет министрлігінің, Семей қаласының мәдениет бөлімінің интернет порталында өткізілетін шаралар жоспарлары жарияланып, «Egov» Үкіметтік порталында өткізілетін көрмелер кестесі қойылды. Ғылыми қызметкер Қ.Қиықбай «Semeu» телеранасымен бірлесіп «Менің Абайым» телевизиялық жобасын іске асырды.

**Сондай-ақ, Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойын** мерекелеу бойынша «Ежелгі Тараз ескерткіштері» қорық-музейінің Ж.Жабаевтың өлеңдерін оқу челенджін жалғастырды, «Абай және Жамбыл: даналық сұхбаты» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференциясы Zoom палатформасында өткізілді, өңірлік «Ертіс өңірі» газетінде №11 санында ғылыми қызметкер М.Қарамендінің «Жамбылдың Абайға көңіл айтуы» мақаласы жарық көрді. Абай музейінің қызметкерлері Жамбыл Жабаев музейіне «Жамбыл әлеміне шолу» атты онлайн экскурсия жасады.

2021 жыл басынан әлеуметтік желіде **464** ақпарат жарияланған.

оның жалпы қаралым саны – **391475**

оның ішінде: фейсбук парақшасында - **299758**

инстаграм парақшасында - **91717** қаралым.

«Абай және Жамбыл: даналық сұхбаты» республикалық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференциясы, Көкбай Жанатайұлының 160 жылдық мерейтойына арналған «Көкбай Жанатайұлы мұрасы тәуелсіздік танымы аясында» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы, «Абай және Көкбай әлемі» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы ұйымдастырылып өткізсе, музей қызметкерлері басқа да ЖОО, музейлер, кітапханалар ұйымдастырған **11** халықаралық, республикалық онлайн конференциялар мен семинарларға қатысып баяндама жасады.

**3** – жоба: ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «30 дерек» жобалары жүзеге асырылды. Әсет Найманбайұлы музейінде «Тарихыңды танып, біл» жобасы, ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «30 дерек» жобасы бойынша Тәуелсіздік алғаннан кейінгі музей тарихына қатысты **30** дерек жарық көрді, «Музейлер декадасы жобасы» жүзеге асырылды.

**4** – акция өтті. «Музейге сый», «Біз біргеміз» «Музей түні», «ҚР Конституциясы күні», «Отбасы құндылықтары» атты акциялар өткізілді.

Жыл басынан бері өткізіліп келе жатқан барлық іс-шаралар БАҚ-та кеңінен жарияланып, бүгінгі күнге дейін **35** материал жарияланды, 10 сұхбат: Абай музейінің директоры Т. Шаңбайдың «Егемен Қазақстан» газетіне

«Әділетті мемлекет философиясы» пікірі, «Jas Qazaq» газетіне «Тәуелсіздік және Абай тағылымы», «Вести Семей» газетінде «Пассионарная личность, или феномен Назарбаева». «Семей таңы» газетінде «Елбасы – пассионар тұлға», «Әдебиет» порталында «Абай музейі: даналық пен жаңалықтың музейі», «Қазақстан тарихы» youtube каналында «Мәдени серуен: Абай музейі» сұхбаты, ғылыми қызметкер Қ.Қиықбайдың «Semeu» телеарнасына «Ұлы даланың жеті қыры және Абай музейінің дамуы» т.б. сұхбаттарының шығуы ұйымдастырылды.

Абай музейінің фейсбук, инстаграм аккаунттарында осы кезеңге дейінгі Абай қорық-музейінің жетістіктері туралы **11** бейне ролик жарияланған. Атап айтар болсақ, «Абай музейінің жаңаша форматы», «Педагогикалық клуб мүшелері Абай музейінде», «Абай музейіндегі жаңа технологиялар. QR-код бойынша ақпарат», «Абай музейі - даналық музейі» «Ұлы ақын Абай ұлдарымен ескерткіші», «Көпес Ершов үйі», «Әнияр Молдабаев үйі», «Абай музейі Елорда төрінде», «Абай күні – Абай музейінің жұмысы насихатталуда», «Көз қуаныш», «Танымал цирк әртісі М.Мутургановтың Абай музейі туралы пікірі», «Абай музейі қонақтарының музей туралы лебіздері» бейнеролик орналастырылған.

Биылғы жылы музей бөлімдерінде ғылыми-реставрациялық жұмыстар мен қоса музейлендіру жұмыстары да жүргізілді.

### **Ғылыми-реставрациялық жұмыстар**

«Қазқайтажаңғырту» мекемесі «Алаш арыстары – Мұхтар Әуезов» музей-үйіне ғылыми-реставрациялық жұмыстарды жүргізді. Келесі жылға музейлендіру жұмыстары іске асырылмақ. Ғылыми реставрациялық жұмыстар музей заттарына да жасалды. Қолжазбалар мен сирек кітаптар орталығы Абай Құнанбайұлының 1909 жылғы жинағына қайта қалпына келтіру жұмыстарын жасап берді.

### **Ғылыми-зерттеу, баспа жұмыстары**

Абай қорық-музейі 2021 жылы ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысу үшін мемлекеттік аккредитациядан өтті.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін ғылыми концепция жасалды.

Биылғы жылы «Көкбай Жанатайұлы. Шығармалары. Зерттеулер. Естеліктер» атты кітап жарыққа шықты. Халық ақыны Шәкір Әбенұлының мерейтойына орай «Шәкір Әбенұлы. Шығармалары», «Мәңгілік тұлға – ұлы Абай» жинағы, «Великий Абай» жинағы, «Степной титан. Эпизоды» кітабы. РФ, «Восточный экспресс» баспасынан жарық көрді.